

**"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540
бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 202 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 сәуірде № 10765 тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 82-бабының 8-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде:

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қаржыландырудың жиынтық жоспарларымен бекітілген айлар бойынша бөлінген міндеттемелер мен төлемдер бойынша бюджеттік бағдарламаларды қаржыландырудың жылдық сомасын алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін қаржыландыру жоспарлары мен қаржыландырудың жеке жоспарларын бекітеді және оған ведомстволық бағынысты барлық мемлекеттік мекемелер бойынша бірмезгілде бекітілген міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларын:

республикалық бюджет бойынша – «Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – «Қазынашылық-клиент» АЖ) бойынша қызмет көрсеткен кезде өзінің орналасқан орны бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесіне осы Ережеге 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2 данадағы тізіліммен бірге осы Ережеге 2, 5-қосымшаларға сәйкес қағаз және магнит тасығыштарында – осы Ережеге 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге тіркелген, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің жеке қаржыландыру жоспарын жасау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының электрондық-цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған осы Ережеге 3,6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша электрондық түрлерін;

жергілікті бюджет бойынша – бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органға қағаз және магнит тасығыштарда береді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржыландыру жоспарлары мен қаржыландырудың жеке жоспарларын орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндайлар болмаған жағдайда - бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы бекітеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға, орталық атқарушы органның жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлға) болмаған жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржыландыру жоспарлары мен қаржыландырудың жеке жоспарларын бұйрыққа сәйкес олардың міндеттерін атқаратын тұлғалар бекітеді.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік бағдарлама әкімшісі барлық мемлекеттік мекемелер бойынша бекітілген қаржыландырудың жеке жоспарларын ұсынғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша барлық қаржыландырудың жеке жоспарлары жалпы сомасының ҚР ББС-ның әрбір бюджеттік бағдарламасы бойынша және айлар бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасына сәйкес келуін тексеруді жүргізеді және аумақтық қазынашылық бөлімшесіне бекітілген қаржыландырудың жиынтық жоспарының бір данасын бекітілген қаржыландырудың жеке жоспарларымен, осы Ережеге 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данадағы тізіліммен бірге қағаз және магнит (электронды) тасығыштарда береді. «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қызмет көрсеткен кезде – осы Ережеге 15, 17, 19-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының электронды үлгілерімен осы Ережеге 23-қосымшаға сәйкес бекітілген жоспардың электронды үлгісі және осы Ережеге 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге тіркелген, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган басшысының және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның жиынтық жоспарларды жасау үшін жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ қол қойылған осы Ережеге 3, 6-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жеке қаржыландыру жоспарлары беріледі.

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті орган түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, жергілікті бюджет бойынша міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының мемлекеттік мекемелердің барлық қаржыландырудың жеке жоспарлары шығыстарының жиынтық сомасына сәйкес келуін, сондай-ақ олардың аумақтық қазынашылық бөлімшесіне уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің орналасқан жері бойынша республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері барлық мемлекеттік мекемелер бойынша қаржыландырудың жеке

жоспарларын ұсынғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде барлық мемлекеттік мекемелер бойынша ҚР ББС кодтарына, міндеттемелер мен төлемдер бойынша барлық қаржыландырудың жеке жоспарының жалпы сомасының түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, ҚР ББС әрбір бағдарламасы бойынша, айлар бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасына сәйкес келуін тексеруді жүргізеді және Қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - ҚБАЖ) енгізеді (жүктейді).

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар барлық мемлекеттік мекемелер бойынша ҚР ББС кодтарына қаржыландырудың жеке жоспарларын ұсынғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша барлық қаржыландырудың жеке жоспарының жалпы сомасы түсімдерінің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының, ҚР ББС әрбір бағдарламасы бойынша, айлар бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының сомасына сәйкестігін, төмен тұрған бюджеттердің жиынтық қаржыландыру жоспарларының жоғары тұрған бюджеттің жиынтық қаржыландыру жоспарларына, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жиынтық қаржыландыру жоспарларының төмен тұрған бюджеттерге немесе мемлекеттік органдардың функцияларын берген жағдайда төмен тұрған бюджеттерден жоғары тұрған бюджеттерге нысаналы трансферттер мен кредиттер бойынша республикалық бюджеттің жиынтық жоспарларына сәйкестігін тексеруді жүргізеді және ҚБАЖ-ға енгізеді (жүктейді).

Орындауға қабылдаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшелерінің жауапты орындаушылары жергілікті бюджет бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын және міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларының кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдеріне, кезекті қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы жергілікті атқарушы органдардың қаулыларына сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

Аумақтық қазынашылық бөлімшелері белгіленген талаптарды орындамаған кезде жеке қаржыландыру жоспарлары осы Ереженің тиісті тармақтарына сілтеме жасалып, себептері көрсетіле отырып («Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша осы Ереженің тиісті тармақтарына сілтеме жасалып, себептері көрсетіле отырып қайтарылады), түзету үшін республикалық бюджет бойынша - республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне, жергілікті бюджет бойынша — жергілікті уәкілетті органға қайтарылады. » ;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізу, қаржыландырудың жиынтық

жоспарына, берілетін нысаналы трансферттер және кредиттер бойынша жоғары бюджеттің қаржыландыру жоспарларына, атқарушы құжаттарды орындау, бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлу, сондай-ақ мемлекеттік борышқа қызмет көрсету және өтеу жөніндегі бюджеттік бағдарламаларға өзгерістер енгізу жағдайларын қоспағанда, айына бір реттен артыққа жол берілмейді.»;

33-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мемлекеттік мекемелердің өтінімдері негізінде төлемдер мен міндеттемелер бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшісін қаржыландыру жоспарларын өзгертуге анықтама және мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтама (бұдан әрі - қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтама) қалыптастырады. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтаманы қалыптастырғанға және мемлекеттік мекеменің өтінімін қарағанға дейін өзі орналасқан жері бойынша аумақтық қазынашылық органына тиісті шығыстарды оқшаулауды жүзеге асыру және осы Ережеге 41-қосымшаға сәйкес 4-20 «Шығыстар бойынша жиынтық есеп» нысанын беру қажеттілігі туралы хатпен өтініш жасайды. Аумақтық қазынашылық бөлімшесі қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізу жөніндегі рәсімдер аяқталғанға дейін жоспарлы тағайындауларды өзгерту жоспарланған бағдарламалар, кіші бағдарламалар, ерекшеліктер бойынша мемлекеттік мекеменің міндеттемелерін тіркеуді және оның төлемдерін жүргізуді тоқтата тұрады.»;

35-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қызмет көрсеткен кезде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері осы Ережеге 34, 36-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қаржыландырудың жеке жоспарларына өзгерістер енгізу туралы анықтамалардың қалыптастырылған, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі басшысының және бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қаржыландырудың жеке жоспарын жасауға жауапты құрылымдық бөлімшесі басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық үлгілерін осы Ережеге 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тізілімге тіркейді.»;

36-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына өзгерістер енгізуге берілген анықтамаларды кері қайтарған (қабылдамаған) кезде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі аумақтық қазынашылық бөлімшесінің ескертулерін ескере отырып, түзетілген анықтамаларды кері қайтарған (қабылдамаған) сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде ұсынады.»;

66-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«66. Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Республикалық бюджет комиссиясының оң ұсынысы алынған күннен бастап республикалық бюджет нақтыланғанға немесе түзетілгенге дейін инвестициялық жобаларды қоса алғанда,

басым республикалық бюджеттік инвестициялар бойынша, сондай-ақ нысаналы даму трансферттері және жоспарлау сатыларынан өтпеген аса маңызды және жедел іске асыруды талап ететін міндеттерді іске асыруға бағытталған кредиттер (бұдан әрі – кейінге қалдыру шарты бар жобалар) бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға мынадай құжаттама ұсынады:

1) бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша:

техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуді талап етпейтін жобаларды қоспағанда, белгіленген тәртіппен бекітілген бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі;

бюджеттік инвестициялық жобаны одан әрі іске асыру орындылығы туралы мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытынды;

жобалау-сметалық құжаттама бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы;

2) мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға бағытталған бюджеттік инвестициялар бойынша:

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган дайындаған заңды тұлғалардың жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асырудың орындылығы туралы мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысына оң экономикалық қорытынды;

ұлттық холдингтердің және ұлттық басқарушы холдингтің жарғылық капиталында мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды қоспағанда, экономиканың түрлі салаларында жобаларды іске асыруды көздейтін, олар бойынша бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесі бір бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің құзыретіне жатқызылмайтын бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бекіткен қаржы-экономикалық негіздемесі;

3) бюджеттік кредиттер бойынша:

қаржы агенттері бюджеттік кредиттерді бюджеттік инвестициялық жобаларды және мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға жіберген жағдайда оң экономикалық қорытындымен қоса, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган дайындаған техникалық-экономикалық негіздеме.

Жергілікті атқарушы органдар ағымдағы қаржы жылының бюджетін нақтылаудан немесе түзетуден кешіктірмей нысаналы даму трансферттерінің қаражаты және кредиттердің есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобалар бойынша жоғарыда санамаланған құжаттарды тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне береді.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері ұсынған құжаттаманы бюджет және өзге заңнама талаптарының сақталуы тұрғысынан қарайды.

Барлық құжаттама болған жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган екі апта мерзімде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне шарттарды тіркеу және төлемдер жүргізу рұқсат етілетін республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бөлінісінде кейінге қалдыру шарты бар жобалардың тізбесі бар хабарлама х а т ж і б е р е д і .

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган 3 жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшелеріне шарттарды тіркеу және төлемдерді жүргізу рұқсат етілетін кейінге қалдыру шарты бар жобалардың тізбесі туралы хабарлама-хаттың к ө ш і р м е с і н ж і б е р е д і .

Егер кейінге қалдыру шарты бар жекелеген жобалар бойынша құжаттама берілмеген жағдайда бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган екі апта мерзімде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға республикалық бюджетті нақтылау немесе оны түзету жүргізілгенге дейін шарттарды тіркеуге және төлемдерді жүргізуге жол берілмейтін кейінге қалдыру шарты бар жобалардың тізбесімен бірге хабарлама-хат жібереді.

Тиісті құжаттама белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, бюджеттік инвестициялар нақтылау немесе түзету кезінде республикалық бюджеттен алып тасталады. Бұл ретте көрсетілген бюджеттік инвестицияларды іске асыруға көзделген сомалар бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісінің басқа бюджеттік инвестициялары арасында қайта бөлінуі мүмкін.»;
81-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«81. Демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастау қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын ашуға жазбаша рұқсаттар тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қолдаухатының негізінде беріледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қолдаухаты мынаны:
ҚБШ ашылатын мемлекеттік мекеменің атауы мен коды;
ашу талап етілетін ҚБШ-ның атауы;
мемлекеттік мекеме қаржыландырылатын бюджет түрі;
мемлекеттік мекеменің заңды және іс жүзіндегі мекенжайы;

баптың, тармақтың, тармақшаның нөмірлерін көрсете отырып, бюджет қаражатынан басқа өзге де қаржыландыру көздеріне жол беретін заңнамалық актінің атауы мен күнін (сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастау қолма-қол ақшаны бақылау шоты үшін - Қазақстан Республикасы ратификациялаған мемлекеттік қарыз туралы халықаралық шарттың немесе байланысты грант туралы шарттың нөмірі мен күні, сондай-ақ шығыстарды бағыттау мақсаттары) қамтуы тиіс.»;

94-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«94. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган республикалық бюджеттік

бағдарламалар әкімшілерінен және аумақтық қазынашылық бөлімшесінен осы Ережеге 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік мекеменің атауын өзгертуге өтінім алған күннен бастап келесі жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік мекеменің атауын өзгертуді жүзеге асырады.

Мемлекеттік мекеменің атауы өзгергеннен кейін оған осы параграфта айқындалған тәртіппен жаңа жазбаша рұқсат беріледі, бұл ретте бұрын берілген демеушілік, қайырымдылық көмек, ақшаны уақытша орналастыру, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастау қолма-қол ақшаны бақылау шоты, шетел валютасындағы шот, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шоты, сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына ашылатын шот өзгеріссіз қалдырылады.»;

113-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер, квазимемлекеттік сектор субъектілері және бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар осы тармақта көрсетілген есептерді дербес қалыптастырады.»;

123-тармақ мынадай редакциядағы 9) тармақшасымен толықтырылсын:
«9) сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына берілген шотта: сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына соманы кейіннен қалпына келтіре отырып, шетел валютасындағы ақша қалдығын валютаға қайта айырбастауды жүзеге асыру жолымен пайдаланылмаған ақша қалдығын аудару үшін төлеуге берілетін шот («Қазынашылық-клиент» АЖ-да электрондық бейне қалыптастырады), шетел валютасын қайта айырбастауға төлем тапсырмасын немесе өтінімді ұсынады.»;

139-тармақтың екінші және үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Төлем құжатының «Бюджеттік сыныптама кодтары» деген ашық жолағындағы деректемелер бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына сәйкес толтырылады. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бюджеттік сыныптама кодтарын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - ҚР ҰБ) назарына жеткізеді.

Түсімдердің жинақ төлеушілерге одан әрі хабарлау үшін банктерге және банктік операциялардың шотына есептеу үшін төлем құжаты бенефициарының банктік деректемелерін мемлекеттік кірістер органдармен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қаперіне жеткізеді.»;

143-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«143. Республикалық және жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының арасындағы түсімдерді бөлуді және оларға байланысты рәсімдерді бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның бұйрығымен бекітілетін, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылы 26

қыркүйекте № 9760 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрығымен бекітілген Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері мен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты арасында бөлу кестесінің және Бюджет кодексінің 3-бабының 2-тармағының негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мен мұнай операцияларын жүргізу, келісімшарттар жасасу мен оларды орындау саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органның бірлескен бұйрығымен жыл сайын бекітілетін мұнай секторы ұйымы тізбесінің негізінде бөлу нормативтері бойынша бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады (бөлудің I с а т ы с ы) . » ;

148-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«8) бюджетке төленетін төлем туралы төлем құжаттарының деректемелері – төлем құжатының нөмірі және күні;»;

149-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Бір данасын түсімдерді қайтаруға және/немесе есептеуге төлем тапсырмасын қалыптастыру үшін қолын қойдырып, қолма-қол мынадай мерзімдерде: төлеушіден есептеуге өтінім түскен күннен бастап төрт жұмыс күнінен кешіктірмей ;

төлеушіден қайтаруға өтінім түскен күннен бастап сегіз жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік кірістер органына ұсынады.»;

162-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«Мемлекеттік мекеменің шығыстарды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемесі м ы н а л а р д ы ң :

1) тауарларды сатып алған, жұмыстарды орындаған, қызметтер көрсеткен жағдайларда орындалған жұмыстардың шот-фактурасының, электрондық шот-фактурасының, хабарлама шотының, шотының, актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттың;

2) мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы мен басқа да ақшалай төлемдер, міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары және әлеуметтік есептеулер, бюджетке жүргізілетін есептеулер, жеке тұлғаларға стипендиялар және төлемақылар бойынша бастапқы құжаттардың;

3) төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер аударған кезде жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің төлеуге берілетін шотының;

4) инкассолық өкімнің;

5) осы тізбеге енбеген ерекше шығыстар мен басқа да шығыс түрлері бойынша төлемдер жүргізген кезде төлеуге берілетін шоттың негізінде қабылданған болып е с е п т е л е д і . » ;

168-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«168. Шығыстардың бюджеттік сыныптамасының әрбір коды бойынша ағымдағы

қаржы жылына арналған шарт сомасының 50 пайызынан аспайтын мөлшерде аванстық (алдын ала) төлемге шығыстардың экономикалық сыныптамасының мынадай ерекшеліктері бойынша жол беріледі:

141 «Тамақ өнімдерін сатып алу»;

142 «Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу».

173-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«173. Мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыруды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агентке ақша қаражатын аудару шартқа сәйкес астықты көктемгі-жазғы қаржыландыруға және күзгі сатып алуға арналған сома мөлшерінде біржолғы төлемақы жасау жүзеге асырылады.»;

183-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«183. Мемлекеттік мекеме/квзимемлекеттік сектор субъектісінің табиғи монополия субъектісіне және сатып алынатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, жұмыстардың тиісті нарығында үстемді (монополиялық) жағдайға ие, осы нарықта олардың үлесі өткен қаржы жылының желтоқсанында ұсынылған төлеуге берілетін құжаттар бойынша ағымдағы қаржы жылына жасалған шарт бойынша ағымдағы қаржы жылының қаңтарында көрсетілген қызметтер (коммуналдық қызметтер, қоқысты шығару қызметтері, байланыс қызметтері) жүз пайызға тең субъектіге ақы төлеуіне жол беріледі.» ;

мынадай мазмұндағы 187-1-тармақпен толықтырылсын:

«187-1. Кредиторлық берешек, оның ішінде секвестр салдарынан және/немесе тиісті бюджеттердің ҚБШ-да ақша болмаған не жеткіліксіз болған кезде пайда болғанда-жасасқан шарттарды тіркеу міндетті болып табылатын шығыстардың түрлері бойынша мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне кредиторлық берешек өтелетін айдың 1-і күніне кредиторлық берешек пайда болған шарттың көшірмесін қоса беріп (тіркей отырып) кредиторлық берешек сомасына азаматтық-құқық мәмілені тіркеуге өтінімді және кредиторлық берешектің болуын және сомасын растайтын салыстырмалы акті ұсынады. Салыстырмалы актіге мемлекеттік мекеменің және өнім берушінің басшылары қол қоюы тиіс.

Сондай-ақ өтінімдердің және міндеттемені тіркеу туралы хабарламалардың нөмірлері (шарттың № мен күні және болған кезде қосымша келісім № мен күні) мен берешектің пайда болу себебі көрсетілген түсіндірме жазба ұсынылады.

Азаматтық-құқықтық мәмілені міндетті түрде тіркеуді талап етпейтін шығыстардың ерекшеліктері мен түрлері бойынша мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне кредиторлық берешекті өтейтін айдың 1-і күнгі жағдай бойынша салыстырмалы актіні қоса беріп (тіркей отырып) төлеуге берілетін шотты ұсынады.

Төлеуге берілетін шоттың «Төлемнің мақсаты» деген ашық жолағында қосымша кредиторлық берешектің пайда болу себебі көрсетіледі.

Кредиторлық берешектің өтелуі кредиторлық берешек пайда болған ерекшелік бойынша жүргізіледі.»;

188-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жаңартуға, үй-жайларды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шартты тіркеу үшін азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімді мемлекеттік мекеме жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы, жобалау-іздігіру жұмыстарын әзірлеу жөніндегі қызмет және олардың мемлекеттік сараптамасы шарттың құнына енгізілген шартты қоспағанда, жобалау-сметалық құжаттама бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысының көшірмесін міндетті түрде қоса бере отырып қағаз жеткізгіште ұсынады.»;

189-тармақтың екінші, үшінші және төртінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Тыйым салынған және тәркіленген мүлікті сату жөніндегі аукцион қатысушыларына кепілдендірілген жарнаны қайтару туралы өтінімді ресімдеу кезінде «Қазынашылық-клиент» АЖ-да жоғарыда көрсетілген құжаттар қосымша берілмейді, аукцион қатысушысынан соманың түсу фактісін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі қоса беріледі.

ҚБАЖ-да ақша алушының деректемелері өзгерген (болмаған) жағдайда, мемлекеттік мекеме өзгерістер енгізілетін деректемелерді растайтын осы тармақтың 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген тиісті құжаттарды (мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған сканерленген түрлерін тіркей отырып) қоса бере отырып, осы Ережеге 65, 75-қосымшаларға сәйкес ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге арналған өтінімді «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде береді.

«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электрондық түрде берілетін азаматтық-құқықтық мәмілені тіркеуге арналған өтінімді жасау кезінде мемлекеттік мекеменің ақша алушысы болмаған жағдайда мемлекеттік мекеме ҚБАЖ-да Ақша алушылардың анықтамалығында осы ақша алушының бар-жоғын тексеруді жүзеге асырады, ҚБАЖ-да Ақша алушылардың анықтамалығында қажетті ақша алушы болған кезде мемлекеттік мекеме осы Ережеге 65, 75-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша өтінім қалыптастырады.»;

202-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«202. Өтінім оған қоса берілген құжаттарға не шарт осы Ереженің 163-186, 199, 201-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген кезде, аумақтық қазынашылық бөлімшесі өтінім мен оған қоса берілген құжаттарды мынадай жағдайларда:

1) қабылдау кезеңінде сәйкессіздік байқалса, мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілесін тіркеуге өтінім тізіліміне қайтару туралы соғылған белгімен хат ресімдемей;

2) қабылдағаннан кейін тексеру барысында сәйкессіздік байқалса, оларды аумақтық қазынашылық бөлімшесіне берген күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде аумақтық қазынашылық бөлімшесі басшысының қойылған қолымен жазбаша түрде қайтарады, бұл ретте өтінімнің екінші данасы хаттың екінші данасымен қалады.

«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша өтінімнің электрондық түрі оған тіркелген құжаттарға не осы Ереженің 199, 201-тармақтарында белгіленген шарт талаптарына сәйкес келмеген кезде, қазынашылықтың аумақтық бөлімшесі осы Ереженің тиісті тармақтарына сілтеме жасап, қабылдамау себептерін көрсете отырып, өтінімді қ а б ы л д а м а й д ы . » ;

213-тармақтың бірінші және екінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«213. Мемлекеттік мекемелердің төлемдері мен ақша аударымдары қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы немесе мемлекеттік мекемелердің шетел валютасындағы шоттарындағы қалдықтар, сондай-ақ төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарының жоспарлы тағайындаулары мен шартты тіркеу туралы хабарламаның пайдаланылмаған қалдығы шегінде өткізіледі. Мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаны бақылау шоттарының және шетел валютасындағы шоттарының жеке сәйкестендіру кодтары осы Ережеде белгіленген тәртіппен беріледі және тиісті аумақтық қазынашылық бөлімшелері мен мемлекеттік мекемелердің н а з а р ы н а ж е т к і з і л е д і .

Жеке жоспар шығыстарының бюджеттік сыныптамасының тиісті коды бойынша жоспарлы тағайындау болмаған не жеткіліксіз болған жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі төлеуге берілетін шотты орындамай қайтарады.

Тиісті бюджеттердің ҚБШ-да ақша жеткіліксіз болған жағдайда, аумақтық қазынашылық бөлімшесі бірінші кезекте бюджет шығыстарының басым бағыттары бойынша төлемдер жүргізеді (жалақыны және басқа да ақшалай төлемдерді, оның ішінде штаттан тыс персоналдың жалақысын, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен көзделген ақшалай өтемақыны, алименттерді, міндетті зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын, әлеуметтік аударымдарды, жәрдемақыларды; стипендияларды төлеу; банктік қызмет ақысын төлеу; ҚР Үкіметінің борыштық міндеттемелерін өтеу және қызмет көрсету жөніндегі төлемдер; зейнетақы, жәрдемақы және басқа әлеуметтік аударымдар; бюджет субвенциялары; салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер), қалған төлемдер төлем шоттарының түсу кезектілігі тәртібімен жүргізіледі. Бұл ретте, ақша болмаған жағдайда немесе қағаз тасығышта не «Қазынашылық-Клиент» АЖ арқылы электронды түрде түсіп, ҚБАЖ жүйесіне енгізілген төлем шотын орындауға ақша жеткіліксіз болған жағдайда, төлем шоты келесі күні мемлекеттік мекемеге қайтару себебін негіздей отырып, орындаусыз қ а й т а р ы л а д ы . » ;

215-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) олар бойынша жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы дайындау құны

ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта құруға, үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды және басқа да объектілерді күрделі жөндеуге байланысты шығыстар бойынша аванстан кейінгі төлемді жүргізу кезінде жобалау-сметалық құжаттама бойынша ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қ о р ы т ы н д ы с ы ұ с ы н уд ы ; » ;

220-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«220. Аумақтық қазынашылық бөлімшенің жауапты орындаушысы осы Ережеде көзделген жағдайларда оларға қоса берілген төлеуге берілетін шоттар және қағаз жеткізгіштегі құжаттармен бірге төлеуге берілетін шоттармен тізілімінің екі данасын қабылдайды, олардың жинақтылығын, осы Ереженің 6-тарауының 8-13-параграфтарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді. Төлеуге берілетін шоттардың тізіліміне қоса берілген төлеуге берілетін шоттар мен құжаттардың саны төлеуге берілетін шоттар тізілімінде көрсетілген санына және осы Ереженің 6-тарауының 8-13-параграфтарында белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде тізілімнің 2 данасына және тізілімге қоса берілген төлеуге берілетін шоттар тізіліміне қолын, күнін және мөртабан бедерін қояды. Төлеуге берілетін шоттар тізілімінің қол қойылған және мөртаңба қойылған данасы мемлекеттік мекемеге қайтарылады, төлеуге берілген шоттарға және құжаттарға қоса берілген төлеуге берілетін шоттар тізілімінің екінші данасы одан әрі орындау үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесінде қалады.

Мемлекеттік мекемеге «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша қызмет көрсетілген кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы төлеуге берілетін шоттың электрондық түрінің және оған жапсырылған сканерленген құжаттардың түрінің осы Ереженің 6-тарауының 8-13-параграфтарында белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді және төлеуге берілетін шоттың электрондық түрін бекітеді.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) шарт жасаспай не жасасқан шарттың аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде тіркелуін талап етпейтін БСК шығыстары бойынша шарт жасай отырып сатып алған жағдайда, ақша алушы ҚБАЖ-да болмаған кезде, мемлекеттік мекеме ақша алушыны Ақша алушылардың анықтамалығына енгізуге арналған өтінімді қағаз жеткізгіште немесе «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электрондық түрде осы Ережеге 64, 73-қосымшаларға сәйкес (мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қойылған сканерленген үлгісін тіркей отырып) ақша алушының мынадай құжаттарын (жекешелендіру объектілерін сату бойынша аукцион қатысушыларына кепілдік жарналарды қайтару жағдайларынан басқа):

1) з а ң д ы т ұ л ғ а ү ш і н :

занды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің/анықтаманың көшірмесін/
салық төлеуші ретінде резидент еместі тіркеу туралы тіркеу куәлігінің көшірмесін;

оның нөмірін (мемлекеттік мекемелерді қоспағанда) көрсете отырып, банктік шоттың болуы туралы банк құжатын;

2) ж е к е т ұ л ғ а ү ш і н :

жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін/ шетелдіктің тұру ықтиярхатын немесе дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәлікті, жеке нотариус, адвокат, жеке сот орындаушысы ретінде тіркеу есебіне қою туралы куәліктерін; нөмірін көрсете отырып, банктік шоттың болуы туралы банктің құжатын;

3) делдал банк үшін (делдал банк арқылы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде ұлттық валютада төлемдер жүргізу кезінде): делдал банктің деректемелерін ресми растайтын құжаттар;

4) шетел валютасында ақша алу үшін: бенефициардың, бенефициар банктің, делдал банктің (ол болған кезде) деректемелерін ресми растайтын құжаттар; ақша алушының толық деректемелерін көрсете отырып, мемлекеттік мекеменің растау хатын қоса бере отырып ұсынады.

«Қазынашылық-клиент» АЖ-де тыйым салынған және тәркіленген мүлікті сату жөніндегі аукцион қатысушыларына кепілдікті жарнаны қайтару туралы өтінімді ресімдеу кезінде жоғарыда көрсетілген құжаттар қоса берілмейді, аукцион қатысушысынан соманың түсу фактісін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі қ о с а б е р і л е д і .

Тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) шарт жасаспай не ол бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесінде жасалған шартты тіркеу талап етілмейтін БСК шығыстары бойынша шарт жасаса отырып, сатып алған жағдайда, ҚБАЖ-да ақша алушының деректемелері өзгерген (болмаған) кезде, мемлекеттік мекеме нөмірі көрсетілген банк шотының болуы туралы банктің анықтамасын қоса бере отырып, осы Ереженің 65, 75-қосымшаларына сәйкес осы тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген, олар бойынша өзгерістер енгізілген деректемелерді растайтын құжаттарды қоса бере отырып, (мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің ЭЦҚ қол қойылған сканерленген түрлерін тіркей отырып), ақша алушының деректемелеріне өзгерістер енгізуге өтінімді қағаз жеткізгіште немесе «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша э л е к т р о н д ы қ т ү р д е б е р е д і .

«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электрондық түрде ұсынылатын төлеуге берілетін шотты ашу кезінде мемлекеттік мекемеде Ақша алушы болмаған жағдайда мемлекеттік мекеме ҚБАЖ-дан ақша алушылар анықтамалығында ақша алушының бар болуын тексеруді жүзеге асырады, ҚБАЖ-дан Ақша алушылар анықтамалығында қажетті ақша алушы бар болған кезде мемлекеттік мекеме осы Ережеге 65-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім қалыптастырады.

Өтінімді толтырған кезде осы Ережеге 64, 65, 73, 75-қосымшаларға сәйкес жеке тұлға үшін «Ақшаны алушының атауы» ашық жолағында жеке тұлғаның (болған жағдайда) тегі, аты, әкесінің аты және болған жағдайда фирмалық атауы толық к ө р с е т і л е д і . » ;

2 2 2 - т а р м а қ т а :

20) және 21) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:
«20) осы Ереженің 210-тармағының екінші, үшінші, төртінші абзацтарында көзделген талаптарды сақтамай, төлем шотына «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша х а б а р л а м а б е к і т і л г е н ;

21) сот актілерін орындау жөніндегі мемлекеттік мекемелер ақшаны уақытша орналастыру шотынан төлемдер жүргізген кезде төлем шоттарымен берілетін сот актілерінің төлем шотының деректеріне сәйкессіздігі;»;

2 2) т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

2 2 4 - т а р м а қ т а :

16) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«16) «Төлемнің мақсаты» ашық жолағында: төлемнің мақсаты, құжаттың атауы, нөмірі мен күні (тауарларды жеткізу туралы шот-фактуралар немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі немесе осының негізінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алу жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа құжат) және қосымша:

тіркелген шарттар (қосымша келісімдер) жөніндегі төлеуге берілетін шоттар бойынша - хабарламаның нөмірі мен күні;

жасасқан аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркеуге жатпайтын шарттар жөніндегі төлеуге берілетін шоттар бойынша – шарттың нөмірі мен күні; банк қызметтерін төлеу кезінде – жасалған шарттың талаптарына сәйкес пайыздық төлемнің м ө л ш е р і ;

сот актілерін орындау бойынша ақшаны қайтару/аудару бойынша төлемге берілетін шоттар бойынша ҚБШ ақшаны уақытша орналастыру – ақшаны алу үшін түскен сомаларды растайтын факті, сот шешімі не сот актілерінің негізінде берілген атқарушылық парақ, сот бұйрығы;

төлем жүзеге асырылатын кезең (бір жолғы сипаттағы және кезеңінің көрсетілуін талап етпейтін төлемдерді жүргізу кезінде көрсетілмейді);

осы аударымдар жүзеге асырылатын салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу кезінде мемлекеттік мекеменің заңды тұлға болып табылатын құрылымдық бөлімшелерінің атауы мен БСН-і;

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде резидент еместердің шотына ұлттық валютада төлемдер жүргізген кезде – ақшаны соңғы алушы – резидент еместің атауы ж ә н е д е р е к т е м е л е р і ; » ;

21) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«21) «Бас бухгалтердің тегі, аты-жөні, қолы» ашық жолағында - құжатқа қол қойған лауазымды тұлғаның атауы, орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның) бұйрығына сәйкес екінші қол қою құқығы бар

мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының, ал ондайлар болмаған жағдайда - қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес мемлекеттік мекеме басшысының жеке қолы және қолының таратып жазылуы (атының бас әрпі және тегі) көрсетіледі.

«Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша төлем шотына орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның) бұйрығына сәйкес бірінші қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеме басшысының, мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ қолы қойылады, ал ондайлар болмаған жағдайда - қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес мемлекеттік мекеме басшысының және орталық атқарушы органның жауапты хатшысының (белгіленген тәртіппен орталық атқарушы органның жауапты хатшысының өкілеттіктері жүктелген лауазымды тұлғаның) бұйрығына сәйкес екінші қол қою құқығы бар мемлекеттік мекеменің уәкілетті тұлғасының не бас бухгалтерінің ЭЦҚ, ал ондайлар болмаған жағдайда - қолдар мен мөр бедерінің үлгілері бар құжатқа сәйкес мемлекеттік мекеме басшысының қолы қойылады.

Қол қою кезінде өшпейтін төзімді сиялар пайдаланылады, ұшып кететін сиялар құйылған фломастер және автоқаламмен қол қоюға және қолды факсимильді көшіру құралдарын пайдалануға жол берілмейді.

«КОд», «БеК», «ТБК» ашық жолақтарын толтыру Қазақстан Республикасының Банктік заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.»;

225-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«225. Электрондық төлеуге берілетін шоттарды жасау кезінде тиісті электрондық ашық жолақтарда төлем түрін көрсету қажет:

- 1 - қарапайым төлем;
- 2 - қосымшасы бар жиынтық 10% зейнетақы төлемі;
- 3 - еңбекақыны және дивидендтерді аудару;
- 4 - қосымшасы бар әлеуметтік аударымдар.

Шығыс есептілік нысандарында қамтылған мәліметтерді бұрмалауға жол бермеу мақсатында мемлекеттік мекеме жасаған, бірақ мемлекеттік мекеменің басшысы қол қоймаған төлеуге берілетін шоттарды айдың соңғы күнінің сағат 16.00-дегі жағдай бойынша, ал ағымдағы қаржы жылының желтоқсанында бұл күн ерте болуы мүмкін, мемлекеттік мекеме Жүйеден алып тастайды.»;

238-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«238. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелген шарт талаптарына сәйкес төлемдерді жүргізу үшін мемлекеттік мекеме қағаз жеткізгіште төлеуге берілетін шоттардың тізілімін, төлеуге берілетін шоттарды және:

тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде – шот-фактураның, тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың көшірмелерін, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде – акт жасалмайтын қызметтерді қоспағанда, орындалған жұмыстар немесе

көрсетілген қызметтер актісінің көшірмесін немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге құжат түрінің (бұдан әрі – растаушы құжаттар) көшірмесін, сондай-ақ шарт құнына ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жанартуға, үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың, жолдардың және басқа да объектілердің күрделі жөнделуіне байланысты жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын даярлау құны енген шығыстар бойынша аванстық төлемнен кейінгі төлемді жүргізу кезінде қосымша құрылысқа арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының көшірмесін;

шетел валютасында төлемдер жүргізу кезінде шетел валютасын сатып алу үшін төлеуге берілетін шоттарды ұсыну кезінде шетел валютасын айырбастауға өтінімді;

осы Ереженің 98-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қоса қаржыландыру қаражатын немесе байланысқан гранттарды жұмсаған кезде үкіметтік сыртқы қарыздар немесе байланысқан гранттар бойынша қоса қаржыландыру қаражатын алуға өтінімді ұ с ы н а д ы .

Төлем жүргізу кезінде «Қазынашылық - клиент» АЖ тіркелген шарт талаптарына сәйкес мемлекеттік мекеме осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған, мемлекеттік мекеме басшысының және бас бухгалтерінің цифрлық қолтаңбасы қойылған сканерленген құжаттарды қамтитын файлдарды қоса бере отырып, төлеуге берілетін шоттың электрондық үлгісін толтырады.

Электронды түрде жазып берілетін шот-фактуралардың (бұдан әрі - ЭШФ) нысаны, шот-фактураларды жазып беру, жөнелту, қабылдау, тіркеу, өңдеу, беру және алу тәртібі, ЭШФ куәландыру тәртібі, түзетілген, қосымша ЭШФ алынғанын растау ерекшелігі, ЭШФ сақтау тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен р е т т е л е д і .

Электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу ақпараттық жүйесінде жазып берілген электрондық шот-фактураны алған кезде мемлекеттік мекеме оның негізінде «Қазынашылық - клиент» АЖ-де төлеуге шоттың электрондық үлгісін қалыптастырады және осы тармақтың бірінші бөлігінде санамаланған, сканерленген құжаттарды қамтитын файлдарды тіркемей, мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен оған қол қояды, сондай-ақ шарт құнына ғимараттарды, құрылыстарды, жолдарды салуға не қайта жанартуға, үй-жайлардың, ғимараттардың, құрылыстардың, жолдардың және басқа да объектілердің күрделі жөнделуіне байланысты жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын даярлау құны енген шығыстар бойынша аванстық төлемнен кейінгі төлемді жүргізу кезінде қосымша құрылысқа арналған жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының көшірмесін тіркейді.

«Қазынашылық - клиент» АЖ электрондық шот-фактураларды қабылдау және

өндеу бойынша ақпараттық жүйесінен импортталған және мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған шот-фактураның электрондық үлгісі растайтын құжат болып табылады.

Шетел валютасында төлемдер жүргізген кезде «Қазынашылық - клиент» АЖ тіркелген шарт талаптарына сәйкес мемлекеттік мекеме Ереженің осы тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, шетел валютасына айырбастауға арналған өтініммен төлеуге берілетін шоттың электрондық үлгісін қалыптастырады.»;

мынадай мазмұндағы 241-1-тармақпен толықтырылсын:

«241-1. Мемлекеттік мекеме орындалған жұмыстардың қол қойылған актісі негізінде бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде тіркелген азаматтық-құқықтық мәміле бойынша 10 жұмыс күні ішінде мердігерге төлемді қ а м т а м а с ы з е т е д і . » ;

242 - тармақ алып тасталсын ;

243-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«243. Мемлекеттік мекеменің Осы Ереженің 234-тармағында көзделген шығыстарды қоспағанда шарт жасамастан не аумақтық қазынашылық бөлімшесінде тіркелуді талап етпейтін БСК шығыстары бойынша шарт жасаса отырып, шығыстардың түрлері бойынша төлемдер жүргізуі үшін негіздеме:

тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде – шот-фактуралардың, тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың көшірмелері, жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде – акт жасалмайтын қызметтерді қоспағанда, орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмесі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге құжат түрі (бұдан әрі – растаушы құжаттар);

қолма-қол ақшаны және чекті алуға арналған өтінім;

сот мөрінің бедерімен расталған заң күшіне енген шешім не ұйғарым не қаулы не с о т б ұ й р ы ғ ы ;

и н к а с с о л ы қ ө к і м ;

құрылыс үшін жобаларға (техникалық-экономикалық негіздемелер немесе жобалау-сметалық құжаттама) кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қ о р ы т ы н д ы с ы . » ;

мынадай мазмұндағы 243-1-тармақпен толықтырылсын:

«243-1. Электрондық шот фактураларды қабылдау және өндеу ақпараттық жүйесін пайдаланатын мемлекеттік мекеме үшін тауарларды сатып алу не жеткізу кезінде, не жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету кезінде электрондық шот-фактура «Қазынашылық-клиент» АЖ-де шарт жасамастан шығыстардың түрлері бойынша төлемдер жүргізу үшін төлем шотын қалыптастыру және беру үшін негіздеме болып т а б ы л а д ы . » ;

244-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«244. ҚБШ төлем жүргізген кезде ақшаны уақытша орналастыруды уәкілетті орган

атқарушылық құжаттарды қамтамасыз ету саласында қағаз жеткізгіштегі төлем шотына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот мөрімен куәландырылған сот актісінің көшірмесін не сот актілерінің негізінде берілген атқарушылық парақты қоса б е р е д і .

Төлем шотын қалыптастыру кезінде «Қазынашылық-клиент» АЖ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот мөрімен куәландырылған сот актісінің не сот актілерінің негізінде берілген атқарушылық парақтың түпнұсқасынан сканерленген электрондық құжат қоса беріледі.»;

245-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«245. Төлемдер жүргізу үшін мемлекеттік мекеме аумақтық қазынашылық бөлімшесіне банкте алынған қолма-қол ақшаны қалпына келтіруге және банк қызметтерін өтеуге төлеуге берілетін шоттармен бірге ұсынылатын қолма-қол ақшаны және чекті алуға өтінімдерді қоспағанда, аумақтық қазынашылық бөлімшесімен Келісім - «Қазынашылық-клиент» АЖ арқылы электрондық түрде жасалған жағдайда, осы Ереженің 243-тармағында санамаланған құжаттарды растайтын қағаз жеткізгіштегі қосымшасыз төлеуге берілетін шотты ұсынады.»;

249-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«249. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе арттыруға төлем жүргізген кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлемге шотты («Қазынашылық-клиент» АҚ - қалыптастырады) қаржылық-экономикалық негіздемені, жарияланған акциялар (бағалы қағаздар) шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті және бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне квazимемлекеттік сектор субъектісі ұсынатын басқару органдарының тиісті шешімін ұсынады («Қазынашылық-клиент» АҚ - сканерленген б е й н е с і н т і р к е й д і) .

Мемлекеттік тапсырманы орындауға арналған аванстық төлем сомаларын қоспағанда, төлемді жүргізген кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлемге шотты («Қазынашылық-клиент» АҚ-қалыптастырады) және, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 2225 қаулысымен бекітілген Техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін жобалардың тізбесіне сәйкес техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейтін жобаларды қоспағанда, квazимемлекеттік сектор субъектісі бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне ұсынған техникалық-экономикалық негіздемесіне (жобалау-сметалық құжаттамаға) бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асырған жағдайда төлемнің негізділігін растайтын құжаттардың (шот-фактуралар немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжат (акт), жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді орындау кезінде - орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтер актісінің көшірмелері) көшірмесін («Қазынашылық - клиент» АҚ - сканерленген бейнесін тіркейді) ұсынады.

Бұл ретте, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмелері бар қаржылық-экономикалық негіздеменің көшірмелері аумақтық қазынашылық бөлімшесіне мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң экономикалық қорытындысының көшірмелерін қоса бере отырып, кейіннен толықтырулар мен өзгерістер енгізуді ескеріп, қаржылық-экономикалық негіздемені беру арқылы әрбір инвестициялық жобаға бір рет беріледі.

Көрсетілген құжаттардың әрбір парағы мемлекеттік мекеме мөрінің бедерімен расталады және орталық атқарушы органның бірінші басшысының орынбасары (ол уәкілеттік берген адам) немесе мемлекеттік мекеме басшысы (ол уәкілеттік берген адам)

д ә й е к т е й д і . » ;

284-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«284. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы инкассолық өкімді алып, квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотындағы қалдықтар шегінде инкассолық өкімде көрсетілген алушының пайдасына акцептсіз ақша алуды жүзеге асырады. Келесі жұмыс күні осы Ереженің 107-қосымшасына сәйкес 2-38-нысанды және 91-қосымшасына сәйкес 5-15-нысанды қалыптастырады және басып шығарады. 2-38-нысан мөртабанмен расталады және оған аумақтық қазынашылық бөлімшенің жауапты орындаушысының қолы қойылады да ақшаның алынғанын растайтын құжат ретінде квазимемлекеттік сектор субъектісіне беріледі.»;

288-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«288. Инкассолық өкімді алған және мемлекеттік мекемеде мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеуді қоса алғанда, қабылданбаған міндеттемелер мен бюджеттік бағдарлама шығыстарын үнемдеу бойынша жоспарлы жұмсалым сомасы болмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі, егер заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе , алынған инкассолық өкімдерді алуға және ағымдағы қаржы жылы бойы сақтауға м і н д е т т і .

Егер мерзімі өткеннен кейін ұсынылған инкассолық өкім мемлекеттік мекемеде жоспарлы тағайындаулар болмауына байланысты орындалмаған болса, онда аумақтық қазынашылық бөлімшесі ақшаны өндіріп алушыларға инкассолық өкімді орындамастан қ а й т а р у ғ а м і н д е т т і .

Бұл норма мемлекеттік кірістер органдарының салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді мәжбүрлеп өндіріп алуға, бірінғай зейнетақы жинақ қорларына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімінде төленбеген міндетті зейнетақы жарналарын, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдарды, салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті әлеуметтік аударымдарды төлемегені немесе уақытында төлемегені үшін есептелген айыппұлдар мен өсімақыларды не өндіріп алу туралы инкассолық өкімдеріне қолданылмайды.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе,

квзимемлекеттік сектор субъектісіне қойылған инкассолық өкімді алған кезде және квзимемлекеттік сектор субъектісінің шоттарында қаражат болмаған кезде аумақтық қазынашылық бөлімшесі оны қабылдауға квзимемлекеттік сектор субъектісінің шотына инкассолық өкімді орындау үшін жеткілікті ақша сомасы түскенге дейін сақтауға міндетті.»;

295-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«295. Инкассолық өкімді орындаған кезде инкассолық өкімдерді есепке алу журналында оның орындалғаны туралы белгі соғылады.

Инкассолық өкім толық орындалғаннан кейін аумақтық қазынашылық бөлімшесі атқарушы құжаттың түпнұсқасын 2 жұмыс күні ішінде атқарушы құжаттарды орындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға ілеспе хатпен қайтарады.»;

324-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«324. ҚР ҰБ-дан электрондық түрдегі төлем құжаттары мен шетел валютасындағы банк шоттарын бойынша үзінді алғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган үзіндіні алған күні мемлекеттік мекеменің шетел валютасындағы тиісті шоттарына шетел валютасының түрлері бойынша оны есептеу жүргізеді.»;

329-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«329. Ұлттық Банктен шетел валютасындағы банк шоттары бойынша үзінді және электрондық түрдегі төлем құжаттарын алғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган үзіндіні алған күні мемлекеттік мекеменің шетел валютасындағы шоттарынан шетел валютасындағы ақшаны есептен шығару жөнінде операция жүргізеді.»;

349-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«349. ҚР ҰБ-дан шетел валютасындағы банк шоттары бойынша үзінді және электрондық түрдегі төлем құжаттары алынғаннан кейін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекеттік мекемелердің шетел валютасындағы шоттарынан ақшаны есептен шығаруды жүргізеді.»;

371-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) аванстық төлемді қоспағанда, инвестициялық жобаны іске асыру кезінде, ағымдағы қаржы жылының сомасынан 30 пайызға дейінгі мөлшердегі аванстық төлемді қоспағанда – шот-фактураның немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (актінің) немесе орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге құжат түрінің көшірмелері.

Инвестициялық жобаны Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйым жүзеге асырған жағдайда, қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне көрсетілген ұйымның уәкілетті адамы қол қойған жазбаша өтінім беріледі.

Бұрын квзимемлекеттік сектор субъектілеріне жарғылық капиталын

қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бөлінген қаражат есебінен шығыстарды және/немесе тартылған қарыз қаражатын, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорынан, өтеген жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектісі қазынашылықтың аумақтық бөлімшесіне Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының көшірмесін және қарыз қаражатын тарту кезінде қосымша – кредиттік шарттың көшірмесін ұсынады.»;

376-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«376. Қазақстан Республикасының резидент еместерімен жасалған шетел валютасындағы шарттар бойынша төлемдер жүргізілген кезде квазимемлекеттік сектор субъектісі осы Ережеде көзделген тәртіпте аумақтық қазынашылық бөлімшесіне квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан келесі жұмыс күнінен кешіктірмей шетел валютасын сатып алу үшін екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа ақша аудару үшін төлем тапсырмасын қағаз жеткізгіште немесе «Қазынашылық-клиент» АЖ бойынша электрондық түрде ұсынады. Шетел валютасын айырбастауға арналған төлем тапсырмасында «Төлем тағайындау» ашық жолағында:

- 1) сатып алынатын шетел валютасының түрі мен сомасы;
- 2) ол бойынша шетел валютасы сатып алынатын бағам;
- 3) резидент емеспен жасалған шарттың күні мен нөмірі;
- 4) ш а р т т ы ң м ә н і ;

5) құжаттың (тауарларды жеткізгені туралы шот-фактураның немесе жүкқұжаттың (актінің), не орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісінің немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, оның негізінде тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жүзеге асырылатын басқа да құжаттың) атауы, нөмірі мен күні көрсетіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан айырбасталған шетел валютасы оның екінші деңгейдегі банктегі шетел валютасындағы шотына валюталардың түрлері бойынша аударылған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде мақсаты бойынша п а й д а л а н ы л у ы т и і с .

Пайдаланылмаған не толық пайдаланылмаған шетел валютасы көрсетілген мерзім өткеннен кейін шетел валютасын айырбастау жүзеге асырылған квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотында ұлттық валютада кейіннен соманы ққалпына келітре отырып, қ а й т а а й ы р б а с т а л у ы т и і с .

Республикалық бюджет туралы заңда не жергілікті бюджет туралы мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешімінде тиісті қаржы жылына жарғылық капиталдарын ұлғайтуға (қалыптастыруға) қаражат көзделген квазимемлекеттік сектор субъектілері пайдаланылмаған не толық пайдаланылмаған шетел валютасын уақтылы қайта айырбастауды және шетел валютасын айырбастау жүзеге асырылған шотқа уақтылы қ а й т а р у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Қазақстан Республикасының резиденті емеспен жасалған шарт бойынша Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде төлемді ұлттық валютада жүргізу үшін

квазимемлекеттік сектор субъектісі аумақтық қазынашылық бөлімшесіне оның екінші деңгейдегі банкте ашық шотына квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан ақша аудару үшін төлем тапсырмасын ұсынады. Бұл ретте төлем тапсырмасында «Төлем мақсаты» жолында квазимемлекеттік сектор субъектісі түпкі бенефициар-резидент еместің деректемелерін қосымша көрсетеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотынан оның екінші деңгейдегі банктегі шотына аударылған ақша, ол есепке жатқызылған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде тағайындалуы бойынша түпкі бенефициар-резидент емеске аударылуы тиіс.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері пайдаланылмаған не толық пайдаланылмаған ақшаны олар аударылған квазимемлекеттік сектор субъектісінің шотына көрсетілген мерзім өткенге дейін уақтылы қайтаруды қамтамасыз етеді.»;
458-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«458. Қайтару/аудару осы Ережеде белгіленген тәртіппен ресімделген және ұсынылған төлеуге берілетін шот негізінде уақытша орналастыру шотындағы ақша қалдықтары шеңберінде жүзеге асырылады.

Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сынан сот актілерін орындау жөніндегі ақшаны қайтаруды/аударуды атқарушы құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот мөрімен куәландырылған сот актісінің немесе сот актілерінің негізінде берілген атқарушы парағының көшірмесі қоса қыстырылған қағаз жеткізгіштегі («Қазынашылық-клиент» АЖ-де сот актілерінің немесе сот актілері негізінде берілген атқарушы парақтың түпнұсқасынан сканерленген электрондық құжаттарды қоса тіркейді) төлеуге берілетін шот негізінде жүзеге асырады.

Бұл ретте, аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы сот шешімінің көшірмесін оның бар-жоғына және Қазақстан Республикасының тиісті сотының ресми сайтындағы сот істері жөніндегі анықтамалығына сәйкестігі тұрғысынан салыстыруды жүзеге асырады.

Тыйым салынған және тәркіленген мүлікті сату жөніндегі аукцион қатысушыларына кепілдендірілген жарнаны қайтару туралы өтінімді ресімдеу кезінде «Қазынашылық-клиент» АЖ-да жоғарыда көрсетілген құжаттар қосымша берілмейді, аукцион қатысушысынан соманың түсу фактісін растайтын төлем тапсырмасының көшірмесі қоса беріледі.

Қазақстан Республикасының тиісті сотының ресми сайтындағы сот істері жөніндегі анықтамалығында сот шешімі болмаған жағдайда аумақтық қазынашылық бөлімшесінің жауапты орындаушысы мемлекеттік мекемелердің төлем шотын орындамай қайтарады.

Жеке және (немесе) заңды тұлғалардың белгілі бір жағдайлар туындаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес оларды қайтару немесе аудару шартымен мемлекеттік мекемелерге берілетін ақшаны тиісті бюджетке немесе

үшінші тұлғаларға, оларды енгізген тұлғаларға, немесе тиісті бюджет кірісіне қайтаруға/аударуға оларды ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-сын есепке алусыз
р ұ қ с а т берілмейді.

Қолма-қол ақшаны есептеу және қайтарып алу үшін уақытша ақша орналастыру ҚБШ-сы бойынша қолма-қол ақшамен жасалатын операциялар үшін банктік қызметтерге ақы төлеу ақшаны салған тұлға есебінен мемлекеттік мекеме мен банк арасындағы кассалық қызмет көрсетуге арналған шарт негізінде жүргізіледі, оған:

тез бұзылуға ұшырайтын және оларды сақтау елеулі материалдық мүлік шығынын талап ететін заттай айғақты сатудан алынған ақшадан түсетін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес өкілеттік берілген органдардың міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспары есебінен жүргізілетін уақытша ақша орналастыру ҚБШ-сын есептеу жағдайлары қосылмайды.»;

мынадай мазмұндағы 673-1-тармақпен толықтырылсын:

«673-1. Республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру шеңберінде бюджеттік қолдау ретінде тартылатын сыртқы қарыздар бағдарламалық құжатты әзірлеуді және республикалық бюджеттік комиссия шешімінің қабылдануын талап етпейді.»;

677-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасының Үкіметі қарыз шартын жасасу нысанында қарыз алу кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мыналарды:

1) қаржыландыруға ұсынылған жоба, күтілетін қарыз шарттары бойынша кредит берушілермен келіссөздер ұйымдастыруды және өткізуді;

2) шарттардың қолайлылығын және жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне не бағдарламалық құжатқа, сондай-ақ олардың қаржылық (бюджеттік) шектеулерге сәйкестігін бағалауды;

3) қарыз шарты мен ілеспе құжаттардың жобаларын дайындауды;

4) қарыз қаражатын пайдалану қатынастарын, оны өтеу мен оған қызмет көрсетуді қамтамасыз ету, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның түпкілікті қарыз алушылармен, қарыз алушылардың агенттермен қарыз бойынша міндеттемелерінің есебін жүргізетін және қызмет көрсететін ұйымдармен қатынастарды реттейтін құжаттарды дайындауды және ресімдеуді қамтитын дайындықтарды жүзеге асырады.»;

807-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«807. Мемлекет кепілдік берген қарыз, мемлекеттің кепілгерлігімен алынған қарыз бойынша қарыз алушылар үшін өтеу мен қызмет көрсетуді бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қарыз шартында белгіленген мерзім мен көлемде, инфрақұрылымдық облигацияларды орналастыру талаптарымен қарыз берушілердің төлем шоттарының негізінде республикалық бюджеттен кезекті қаржы жылының ішінде жүзеге асырады.»;

839-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«839. Сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотына арналған шоттарға тек сыртқы қарыздың немесе байланысты гранттың арнайы шотынан айырбасталған қаражат есепке жазылады.»;
көрсетілген Ережеге 47-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылды, орыс тіліндегі мәтін өзгеріссіз қалады;
көрсетілген Ережеге 35, 89 және 114-қосымшалар осы бұйрыққа 2, 3, 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі Б. Сұлтанов

«К Е Л І С І Л Д І»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев

2015 жылғы 10 сәуір

«К Е Л І С І Л Д І»

Қазақстан Республикасы
Ұлттық банкінің төрағасы
Қ. Келімбетов

2015 жылғы 7 сәуір

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 наурыздағы
№ 202 бұйрығына
1-қосымша
Бюджеттің атқарылуы және оған
кассалық қызмет көрсету
ережесіне
47-қосымша
Нысан

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган (бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық қазынашылық бөлімшесі)

«__» _____ ЖЫЛҒЫ

**қолма-қол ақшасын бақылау шотын ашуға
арналған өтінім**

P/c №	Мемлекеттік мекеме		Бюджет түрі	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Қолма-қол ақшаның бақылау шотын ашу үшін негіздеме (рұқсат етілген күні мен нөмірі, тармақшасының, тармағының, бабының нөмірлері көрсетілген заңнамалық актінің атауы мен күні)
	атауы	коды			
1	2	3	4	5	6
I. Ақылы қызметтердің қолма-қол ақшасының бақылау шоты:					
II. Демеушілік, қайырымдылық көмектің қолма-қол ақшасының бақылау шоты:					
III. Ақшаны уақытша орналастыру қолма-қол ақшасының бақылау шоты:					
IV. Жергілікті өзін-өзі басқару қолма-қол ақшасының бақылау шоты:					

Бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органның
(бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның
аумақтық қазынашылық бөлімшесінің)/
мемлекеттік мекеменің басшысы _____
М.О. (қолы) (қолды таратып жазу)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 6
№ 2 0 2 б ұ й р ы ғ ы н а
на у р ы з д а ғ ы

2-қосымша
Б ю д ж е т т і ң а т қ а р ы л у ы ж әне
о ғ а н к а с с а л ы қ қ ы з м е т
к ө р с е т у е р е ж е с і н е

35-қосымша
Нысан
« Б е к і т е м і н »
орталық атқарушы органның
жауапты хатшысы (белгіленген тәртіппен
орталық атқарушы органның
жауапты хатшысының өкілеттіктері
жүктелген лауазымды адам)/бюджеттік
бағдарламалар әкімшісінің
басшысы _____
(қ о л ы , Т . А . Ә .)

« ____ » _____ ж .

М.О.

_____ бюджеттің төлемдері бойынша
_____ жеке қаржыландыру жоспарына
(мемлекеттік мекеменің атауы) өзгерістер енгізу туралы

№ _____ а н ы қ т а м а

_ ж .

« __ » _____ негізінде

Бюджеттік сыныптама кодтарының атауы	Бюджеттік классификацияның кодтары					Өзгеру сомасы (+, -), барлығы
	ББӘ	ММ коды	бағдарлама	кіші бағдарлама	ерекшелік	
Жоспарлы тағайындаулар						
			БАРЛЫҒЫ			

кестенің жалғасы

оның ішінде айлар бойынша (ағымдағы айда - жыл басындағы кезеңге өзгеріс өсу қорытындысымен, келесі айларда өзгеріс ай сайын)

қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	қараша	желтоқсан
Жоспарлы тағайындаулар											

Қаржыландырудың жеке жоспарын жасауға жауапты
бюджеттік бағдарламалардың әкімшісінің
құрылымдық бөлімшесінің басшысы _____
(қолы) (қолды таратып жазу)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

н а у р ы з д а ғ ы

№ _____ б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

Б ю д ж е т т і ң а т қ а р ы л у ы ж ә н е

о ғ а н к а с с а л ы қ қ ы з м е т

к ө р с е т у е р е ж е с і н е

89-қосымша

Нысан

№ _____ т ө л е м

ш о т ы

Күні ____ ж. « ____ » _____

Мемлекеттік мекеме		Ақша алушы	
ММ коды	КОды		КБе
Атауы		Атауы	
БИН		ИИН/БИН	
АҚБ			
БСК		Банк	

ЖСК			
Қаржыландыру көзі		БСК	
Бюджет түрі		ЖСК	
Шығыстар БСК			
Тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) коды		Алушының БСК	[ТМК]
Төлемнің мәртебесі			
Төлемді тағайындау		Сомасы	
Сомасын таратып жазу:			

Басшының _____ Т.А.Ә.
Бас бухгалтердің _____ Т.А.Ә.

Үлгі (1-жай, 2-жиынтық зейнетақы, 3-жалақы мен дивидендтерді аудару, аударымдар);
4 - ә л е у м .

№ хабарландырумен (ЖА) келісу.

Қ а з а қ с т а н Республикасы

Қ а р ж ы м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5 ж ы л ғ ы н а у р ы з д а ғ ы

№ б ұ й р ы ғ ы н а

4-қосымша

Б ю д ж е т т і ң а т қ а р ы л у ы ж әне

о ғ а н к а с с а л ы қ қ ы з м е т

к ө р с е т у е р е ж е с і н е

114-қосымша

Нысан

_____ ж . » _____ » _____

ш е т е л д і к в а л ю т а н ы қ а й т а а й ы р б а с т а у ға

№ ө т і н і м

ММ атауы және коды: _____

Тапсырыс бойынша*: _____

Почталық мекен-жайы: _____

(м е м л е к е т т і к м е к е м е)

Мемлекеттік мекеменің шетел валютасындағы шоты _____

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі Бюджетті атқару жөніндегі орталық

у ә к і л е т т і о р г а н н ы ң ш о т ы ,

БСК _____

С Т К :

Теңгеде алатын алушының шот деректемелері(атауы, БСН,

БСК, ЖСК, БСК) _____

Біздің шотымыздың есебінен және біздің атымыздан төмендегідей шарттарда шетелдік валютада ақшаны қайта айырбастап алуға мәміле жасасуды тапсырамыз:

Валюта түрі	Валютаны қайта айырбастау сомасы	Ұлттық Банк бағамы	Теңгеде қайта айырбастау сомасы

Өтінім іс-әрекетінің мерзімі 20__ж.»__» _____ дейін

Қаржыландыру көзі: _____

Орталық атқарушы органның
жауапты хатшысы (белгіленген
тәртіппен орталық атқарушы органның
жауапты хатшысының өкілеттіктері
жүктелген лауазымды тұлға), ал мұндай
болмаған жағдайда - басшы (мемлекеттік
мекеменің, немесе аумақтық қазынашылық
бөлімшесінің) _____

(а т ы - ж ө н і)

(қ о л ы)

М . О
Бас бухгалтер _____

(а т ы - ж ө н і)

(қ о л ы)

М . О .

* Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган толтырады